

Салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар, зейнетақымен қамсыздандыру туралы және (немесе) міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнаманы бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін салынған 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген және айыппұл сомаларын есептен шығару қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 наурызда № 10448 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 944 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 01.10.2020 № 944 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 32-3-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар, зейнетақымен қамсыздандыру туралы және (немесе) міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнаманы бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін салынған және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген айыппұл сомаларын есептен шығару қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратурасы

Құқықтық статистика және арнайы

есепке алу жөніндегі комитетінің

төрайымы

_____ С. Айтпаева

2015 жылғы 23 ақпан

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2015 жылғы 17 ақпандағы

№ 97 бұйрығымен бекітілген

Салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар, зейнетақымен қамсыздандыру туралы және (немесе) міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнаманы бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін салынған 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген және айыппұл сомаларын есептен шығару қағидалары

1. Осы салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар, зейнетақымен қамсыздандыру туралы және (немесе) міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнаманы бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін салынған және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген айыппұл сомаларын есептен шығару қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 32-3-бабына сәйкес әзірленген және салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар, зейнетақымен қамсыздандыру туралы және (немесе) міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнаманы бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін салынған және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген айыппұл сомаларын (бұдан әрі - айыппұл сомалары) есептен шығару тәртібін белгілейді.

Осы Қағиданың ережелері:

1) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 623-бабының шарттарына сәйкес келетін салық төлеушілерге;

2) олардың салықтық міндеттемелерін орындау мәселелері бойынша халықаралық арбитраждағы дауларға қатысушы салық төлеушілерге;

3) қызмет түрлерінің бірін немесе бірнешеуін жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды:

- жер қойнауын пайдалану;
- акцизделетін өнімдерді өндіру;
- ойын бизнесі.

2. Осы Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органдарында айыппұл сомаларын есептен шығару бойынша комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрылады.

Комиссия құрамына:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау құқығы бар;
- 2) заң қызметінің;
- 3) салықтық тіркеу үшін жауапты;
- 4) салық аудиті үшін жауапты;
- 5) салық төлеушілердің есебін және дербес шоттарын жүргізуге жауапты;
- 6) берешекпен жұмыс үшін жауапты лауазымды тұлғалар кіреді.

Комиссияны мемлекеттік кірістер органының басшысы болып табылатын төраға басқарады.

3. Мемлекеттік кірістер органдары комиссия құрылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 206-2, 208-1, 209, 213 (4, 5, 6-бөліктері), 214-баптары бойынша сот шығарған әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы бойынша айыппұл сомалары бар салық төлеушілерді анықтау үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық органдарына (бұдан әрі – ҚСЖЕАК аумақтық органдары) тиісті сауал сұрау жолдайды.

ҚСЖЕАК аумақтық органдары сауал сұрауды алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органдарына тиісті мәліметтерді жолдайды.

ҚСЖАЕК-нің аумақтық органдарынан мәліметтер алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік кірістер органдары осы Қағидалардың 1-тармағының ережелерін ескере отырып, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындамаған салық төлеушілер тізбесін қалыптастырады және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы

5 шілдедегі кодексіне сәйкес әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны шығарған тиісті соттарға қаулыны орындауды тоқтату және әкімшілік жазадан босату туралы шешім қабылдау үшін жібереді.

Соттың әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны тоқтату туралы қабылдаған шешімі мемлекеттік кірістер органы жіберіледі.

4. Комиссия құрылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органы, салық органдарының лауазымды тұлғаларымен шығарылған әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы бойынша дербес шоттарында айыппұл сомалары есепке алынған салық төлеушілерді осы Қағиданың 1-тармағындағы ережелерді ескере отырып іріктеу жүргізеді.

Көрсетілген іріктеу нәтижесінде анықталған салық төлеушілер бойынша тиісті лауазымды тұлғалар 2015 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде қаулының орындалуын тоқтатады және тиісті қаулы шығару жолымен салық төлеушілерді "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі кодексінің 889-бабына сәйкес әкімшілік жазадан босатады.

5. Олар бойынша әкімшілік айыппұл салу туралы қаулының орындалуы осы Қағиданың 3 және 4-тармақтарына сәйкес тоқтатылған салық төлеушілер тізімі осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысанда жасалады және салық төлеушілердің дербес шоттарында айыппұлдар бойынша берешек сомаларын есептен шығару үшін салық төлеушілердің есебі мен дербес шоттарын жүргізуге жауапты мемлекеттік кірістер органының құрылымдық бөлімшесіне беріледі.

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушінің дербес шотында есепке алынған айыппұл сомалары 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша толық төленбеген жағдайда, осындай айыппұлдарды есептен шығару жүргізілмейді.

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушінің дербес шотында есепке алынған айыппұл сомалары 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ішінара төленген жағдайда, 2014 жылғы 1 қаңтарда есепке алынған және 2014 жылғы 1 қазанға дейін төленген айыппұл сомаларының айырмасын есептен шығаруға жатады.

Салық төлеушінің дербес шотының "Айыппұлдар бойынша есептер" - "Есептелді (азайтылды)" бағандарында көрсету жолымен есептен шығаруға жататын өсімпұлдар сомасын, дербес шоттың "Операцияның мазмұны және оның негізінде жазба (енгізу) жүргізілетін құжат" бағанында минус белгісімен көрсетумен есептен шығару:

"Әкімшілік айыппұл салу туралы қаулының орындалуын тоқтату туралы" 201__ жылғы "___" _____" жазбамен жүргізіледі.

6. Осы Қағиданың 4-тармағында көрсетілген шарттарға жауап бермейтін салық төлеушілер бойынша осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысанда

айыппұл сомасын есептен шығару туралы шешімдер (бұдан әрі - шешімдер) шығарылады.

Шешімдерге комиссия мүшелерінің барлығы қол қояды, комиссия төрағасы бекітеді және айыппұл сомаларын есептен шығару бойынша тиісті жұмыстарды жүргізу үшін салық төлеушілердің есебі мен дербес шоттарын жүргізуге, сондай-ақ салық аудитіне жауапты мемлекеттік кірістер органының құрылымдық бөлімшелеріне беріледі.

Салық төлеушілердің есебі мен дербес шоттарын жүргізуге лауазымды тұлғалар салық төлеушінің дербес шотының "Айыппұлдар бойынша есептер" - "Есептелді (азайтылды)" бағандарында көрсету жолымен есептен шығаруға жататын өсімпұлдар сомасын, дербес шоттың "Операцияның мазмұны және оның негізінде жазба (енгізу) жүргізілетін құжат" бағанында минус белгісімен көрсетумен есептен шығаруды:

"Комиссияның салық төлеушінің дербес шотынан айыппұл сомаларын есептен шығару туралы" 201_ жылғы "___" _____ № _____ шешім" жазбамен жүргізеді.

7. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Мемлекеттік кірістер департаменттері, олар бойынша әкімшілік айыппұлдар салу туралы қаулынының орындалуын тоқтату жөніндегі салық төлеушілер туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне жолдайды.

8. Салық төлеушілердің дербес шоттарындағы айыппұлдар сомаларын есептен шығару туралы есеп 2015 жылғы 10 тамызға дейінгі мерзімнен кешіктірілмей Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Мемлекеттік кірістер департаменттеріне осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тапсырылады.

Салық салу саласындағы құқық
бұзушылықтар, зейнетақымен
қамсыздандыру туралы және (немесе)
міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы
заңнаманы бұзушылықтар үшін
Қазақстан
Республикасының Әкімшілік құқық
бұзушылық туралы кодексімен
2014 жылғы 1 қаңтарға дейін салынған
және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай
бойынша төленбеген айыппұл сомаларын
есептен шығару қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Барлығы:									
----------	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Комиссия мүшелері _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты, (ол болған жағдайда), қолы)

Салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар, зейнетақымен қамсыздандыру туралы және (немесе) міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнаманы бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін салынған және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген айыппұл сомаларын есептен шығару қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Бекітемін:

Мемлекеттік кірістер органының басшысы:

_____ М.О.

Айыппұл сомасын есептен шығару туралы № _____ шешім

_____ 201__ ж. "___" _____

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-3-бабына сәйкес мына салық төлеушілерге салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар, зейнетақымен қамсыздандыру туралы және (немесе) міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнаманы бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін салынған және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген айыппұл сомалары есептен шығарылсын:

№ р/с	Мемлекеттік кірістер органының коды	Салық төлеушінің ЖСН/БСН	Салық төлеушінің СТН-і (ЖСН /БСН болмаған жағдайда)	Салық төлеушінің атауы	БСК	Айыппұл сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6	7
	Барлығы:					

Комиссия мүшелері _____

(тегі, аты, әкесінің аты, (ол болған жағдайда), қолы)
Салық салу саласындағы құқық
бұзушылықтар, зейнетақымен
қамсыздандыру туралы және (немесе)
міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы
заңнаманы бұзушылықтар үшін Қазақстан
Республикасының Әкімшілік құқық
бұзушылық туралы кодексiмен
2014 жылғы 1 қаңтарға дейін салынған
және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай
бойынша төленбеген айыппұл сомаларын
есептен шығару қағидаларына
4-қосымша ысан

**Әкімшілік айыппұл салу туралы қаулының орындалуын тоқтату туралы
қаулының және айыппұл сомаларын есептен шығару туралы шешімнің
негізінде айыппұл сомаларын есептен шығару туралы есеп**

20__ ж. " __ " _____

(Мемлекеттік кірістер департаментінің атауы)

№ р/ с	Мемлекеттік кірістер органының коды	Салық төлеушінің ЖСН/БСН	Салық төлеушінің СТН-і (ЖСН/БСН болмаған жағдайда)	Салық төлеушінің атауы	БСК	Орындалуын тоқтату туралы қаулының/ есептен шығару туралы шешімнің нөмірі, күні	Есептен шығару күні	Есептен шығарылған айыппұл сомасы (тенге)	Есептен шығару бойынша (орындаушының аты-жөні	Есе шы бой оры лау
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
	Барлығы:									

Мемлекеттік кірістер органының
басшысы (орынбасары) _____

(тегі, аты, әкесінің аты, (ол болған жағдайда), қолы, мөр)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК